

**Шерхан Мұртаза**  
***Қызыл жебе. Бірінші кітап***

**I**

Түрме әкімшілігі айламызды асырдық деп ойлады.

Арыстан мен жолбарысты бір торға қамап қойсаң бірін-бірі талап, ақыры екеуі де талмаусырап, өзінен-өзі жүнжіп құриды. Әсіресе бір камераға қазақпен қатар орысты отырғызу Приходько мырзаның ойынша, арыстан мен жолбарыстың ырылдасуынан да зорырақ жанжалға апарып соқса керек еді...

Губернатор фон Тәубе бірде қаланың игі жақсыларын шақырып қонақасы бергені бар. Сонда губернатордың бір айтқаны Приходьконың есінде мықтап сақталып қалған.

– Мырзалар, дүниедегі ең қысқа әңгімені білесіздер ме? – деп еді фон Таубе, – небары тоғыз-ақ сөзден тұрады.

Ешкім де білмейтін болып шықты. Сонда кітапқұмар губернатор өзінің көп оқып, көп білетінін тағы бір танытып, мәртебесі аса түсетінін сезіп былай деді:

– Екі адам, бір жолбарыс.

Бір адам, бір жолбарыс.

Жолбарыс.

Мырзалар желкесін қасыды. Көбісі түсінбей дал. Губернатор қарқылдап күлді.

– Мырзалар-ау, екі адам бірімен-бірі аяқасып, ақыры біреуі өлмей ме? Ал жалғыз қалған адамды жолбарыс жеп қояды ғой.

Зиялы қауым губернатордың білімділігіне таң қалған болып, таңдай қағысып, сыңғыр-сыңғыр хрусталь бокалдар соғысып, жоғары мәртебелі фон Таубенің денсаулығына деп, түрегеп тұрып шампан ішкен.

Приходьконың есебі бойынша, Рысқұл мен Бронников бірін бірі жеп қоюы керек. Сонда жолбарыстың рөлінде өзі қалмақшы.

Бірақ бірнеше күн өтті: екі тұтқынның арасынан жанжал шыға қойған жоқ. Бірде шыдай алмай камераға Приходько мырзаның өзі келді.

– Жағдайың қалай, Бронников?

Бронников бұл сұрақтың сырын түсіне қойды.

– Жағдайдың несін сұрайсыз, Приходько мырза. Мың қандала мен бір қазақтың талауына тастадыңыз мені. Шыдам жетер емес.

Байқайды, Приходько риза. Түрме бастық дегенмен кеңпейіл көрінгісі келіп:

– Қандай тілегіңіз бар? – деп сұрады.

– Тілегім, шырағдан бергізсеңіз екен.

– Бере алмаймыз. Зиянды кітаптар оқуыңыз мүмкін.

– Егер «Библия» зиянды кітап болса, қойдық, – деп Бронников те қарсыласпады. Тек дорбадан жұлым-жұлым кітапты шығарып алып, сыртын сипалап қойды. Приходько шыннан "Библия" ма екен деп кітапқа қолын соза берді.

Түрме бастық кітапты ашып кеп қалып еді, ашылған жері төртінші тараудың басы екен: «Адам-ата мен Хауа-ана жұптасқан соң, Хауа-ана Қабыл атты ұл тапты... Содан кейін Абылды туды"... – деген сөздерге көзі түсті.

– Бұл жөйт дінінің кітабы ғой. Сіз орыс болғандықтан православие шіркеуінің қасиетті кітабы «Евангелиені» оқуыңыз керек емес пе? – деп қалды Приходько Бронниковке ренжігендей.

– Приходько мырза, «Евангелие» дегеніміз «Библияның» жаңарған нұсқасы ғой. Негізі бір.

– Сонда қалай, Бронников, түсінбеймін. Сіз ғой православ шіркеуі батасын берген ақ патшаға қарсысыз. Сөйте тұра діни кітап оқисыз, түсініксіз, жұмбақ.

– А, мен мүмкін, бұл кітапты дұрыстап тағы оқып шықсам, қатемді түсінермін, – деп қалды Бронников.

– Мүмкін, мүмкін, – деді Приходько сенер-сенбесін білмей. – Жарайды, шырағдан бергізейін. Сіз кітаптың мәнін әлгі кішкене балаға да түсіндіріңіз.

Приходько Тұрарды шоқындыруға ниет қылғалы қашан. Сол ойын іске асырудың бір орайы осы сияқты да көрінді.

\* \* \*

Приходько мырза шын діндар кісі еді. Оның табынатын екі құдіреті бар: бірі заң, бірі дін. Өз үйінің төрінде екі сурет ілулі тұрады: бірі – Иисус Христос, бірі Николай II. Жексенбі сайын Кафедральды соборға оны күймемен Тұрар алып барар еді. Мырзасы соборға кіріп, құдайға құлшылық ықылас білдіріп қайта шыққанша, атшы бала далада күтіп тұруы керек қой. Жөні солай ғой. Ал мырзасы айтады:

– Турарка, айда жүр, сен де. Аттарға ешкім тимейді. Ағашқа байлай сал. Жүр, көресің, қызық.

Қоңыраулар күнгірлейді. Қақпаның алдында кілең бір кара киінген кемпірлер, ақсақ-тоқсақ, әз соқырлар қаз-қатар алақан жайып, қайыр-садақа сұрап тұрады. Приходько мырза олардың жаюлы алақандарына ұсақ тиын-тебен тастайды. Қайыршылардың кейбірі тұңке қалбыр тосады. Тастаған ақша шылдыр етіп, тұңкеге түседі. Мырзаның соңынан еріп келе жатқан Тұрардан да бірдеңе дәметеді қайыршылар.

– Құдай саған ұзақ өмір берсін, мырза бала, – деп сыбырласады.

Тұрар қысылады. Тастайтын тиын онда жоқ.

– Құдай сені бәле-жаладан сақтасын, мырза бала, – деп әлдекім оның қолынан сүймек болады.

Тұрар одан бетер қысылады.

Қайыршылар үшін адамның нәсілі жоқ, ақшаң болса болды. «Мына қара бала неғып жүр мұнда?» – демейді. Приходько сынды төренің жанында келе жатқан соң тегін болмағаны, деп ойлайды.

– Құдай саған мол бақыт, зор дәреже берсін, мырза бала!

Күмбез астындағы мыс қоңыраулар сыңсиды. Собордың ішінен жүрегінді жұлып әкете жаздап, хор дауысы күңіреніп шығады.

Соборды айналдыра отырғызылған қаракөк емен ағаштарға дейін мына құлшылықтың құдіретті зарына ұйып, олар да тәңірге табынғысы келгендей мұңая мүлгіп, хор дауысын іштерінен қайталап, жапырақтары күбірлесіп тұрады.

Собор баспалдағына көтерілерде Приходько мырза бас киімін қолына алып, шоқына бастайды.

Еркек атаулының бәрі бас киімдерін қолына алып, кеуделеріне қысып, бастары жерге жеткенше иіліп, бар ынты-шынтасымен шоқынып жатыр. Приходько мырза көзінің қиығымен Тұрардың құлын жарғағынан тігілген дөңгелек телпегіне қарап қояды. Басқаның бәрі жалаңбас, өзінің ғана телпекпен тұрғаны есіне түсіп кетіп Тұрар сасады. Оң қолы өзінен-өзі бас киімге созыла береді. Мұны байқаған Приходько құптаған белгі ретінде басын изеп, түсін жылытады.

Тұрар сонда да мына жалбарынып, жұлқына құлшылық ұрып жатқан топқа сіңісе алмай тұрғанын сезеді. Өзгелер дауыл жапырған қоғадай жығылып, бір иіліп, бір тұрып, тынымсыз шоқынып жатқанда, міз бақпай сіресіп қалған Тұрар ғана. Приходько сол көз қиығымен оған қайта-қайта қарай береді. «Сен де шоқын!» деген белгі екенін түсініп, Тұрардың тұла бойы түршігеді. Бірақ шоқинуға қолы көтерілмейді. Қолы қол емес, қорғасын сияқты, зорласаң да көтерілер емес.

Мінбеден сақалы беліне түскен епископтың дауысы – құдайдың өз дауысындай құдіретті естіледі. Дәл төрде екі қолы екі жаққа керіліп, басы кеудесіне салбырап кеткен, азап шеккен кісінің суреті көзді еріксіз тартады. Өзі арық, екі аяғы салбырап, тек сүлдесі саудырап қалған. Бұл бейшараны неге керіп тастаған? Бұл Тұрар үшін жұмбақ.

Собор іші өзге бір бөтен дүние, өң емес, түс сияқты. Айнала балауыз шырағандар жағылған. Қабырғалар қаз-қатар суреттерге толы. Епископ азынап тұр, хор ара-арасында

зарлап қоя береді. Сай-сүйекті сырқыратып, жүрегінді елжіреткен пәрменді әсер әлдеқайда, бұл пәни дүниенің әуре-сарсаңынан, күйбің-күйкі тіршілігінен алыстап, аспанға шарықтатып, жұмақ жазирасын елестеткендей.

Приходьконың көз қиығы ғана арқанды аяз қарығандай ызғар шаша бастаған. Тұрар оның не талап етіп тұрғанын сезеді, бірақ қозғала алмайды. Төртегі керілген адам-суреттің көзқарасы да суық. Өзгелерге емес, дәл өзіне қадалып, айыптап тұрғандай көрінеді. Тұрар қашқысы келеді. Өн бойынан суық тер саулап барады. Өкпесі қысылып, демі тарылып, өзімен өзі арпалыстан жаны мұрын ұшына келгендей азаптанды.

Собордағы жұрттың бәрі құдайына құлдық ұрып, әркім өз өтінішін іштей айтып, шағынып-жалбарынып жатқанда, Тұрар жалтақтап жан-жағына қарайды. Өзін әр бұрыштан аңдып жүрген Саймасайдың адамдары қазір де собордың бір жерінен сығалап қарап тұрғандай көрінеді. Соборда шоқынғандар арасында тұрғанын көрсе, саймасайлықтар:

– Рысқұл қарақшының баласы шоқынып кетіпті, шіркеуден көрдік, – деп жер дүниеге жария етер еді.

Осыны ойлауы мұң екен, Тұрар бұрынғыдан бетер дегбірсізденіп, тұра қашқысы келді. Приходькодан қорқады, керулі адамның көзқарасынан қорқады. «Неге керіп тастаған?» Әкесі Рысқұлдың Саймасайлар байлап тастап, жабыла сабағанда бір сәтке басы осылайша салбырап қалып еді. Тұрардың суретке тесіле қарап қалғанын көптен байқап тұрған Приходько:

– Иисус Христос. Құдіретті құдай, – деді.

«Құдайдың өзі осындай қорлыққа ұшыраса, өзге жұрт не болмақ? Түйені жел шайқаса, ешкіні аспаннан ізде – деген осы да».

– Мырза, мен аттарға бара тұрсам қайтеді?! Асау немелерді біреу-міреу үркітіп жүре ме? – деп сыбырлады Тұрар. Приходько бұрылмастан:

– Бара бер! – деп зілдене күңк етті.

Тұрар адамдардың ара-арасын зыта кеп жөнелді. Қара жамылған бір кемпір ашулы көзімен ата қарап:

– Ух, басурман, нехрист! – деп ысылдап қалды.

Тұрардың бұл кетісіне көрмеде тұрған құдай да, оның әулие апостолдары да, мінбедегі епископ та, собор толы діндарлар да риза емес сияқты көрінді. Тек собордан шыға келгенде табалдырықтан бастап, қақпаға дейін тізіліп тұрған қайыршылар ғана оған телміре қол созып, бастарын иіп, әдеттен айнымай тұр. Табалдырықтан қақпаға дейін желі байлам жер Тұрарға қыл көпірдің үстіндей, тозақ отының арасындай сезілген.

Қалтасында ырымға қара бақыры жоқ, өзі жалшы баладан да қайыр-садақа дәмететін жандар болады екен. Құдайдың өз үйінде мұншама қайыршылық болар деп кім ойлаған?!

Арыстанның еміренуі өзінше. Тіпті туған баласына мейірі түскеннің өзінде тұр ашулы сияқты көрінеді. Біреудің еркелеткенін көтеретіні де, көтермейтіні де белгісіз. Жалынан сипасаң күдірейе түседі.

Бронниковке Рысқұлдың іші көпке дейін жылымай қойған. Бірақ осы бір орысты баласы жақсы көріп кеткен соң, бірге-бірге мұздай жүрек жібиін деді.

Әбден сыралғы болып, сенім артқан соң, бір күні Рысқұл Бронниковке:

– Әй, Ескендір, өстіп жата береміз бе? Қашсақ қайтеді? – деді.

Енді Бронников сезіктенетін сияқты. «Түрменің алпауыттарының тұзағы емес пе екен? Мені арандатпақшы-ау, сірә?!»

– Қайтіп? – бұ да сыр тартпақ болып.

– Сен көп білетін бәлесін ғой. Айласын тап.

– Айла-амал жоқ, – Бронников камераның ішін көзімен тінтіп шығып. Бір ауық темір құрсаулы терезеге қадалып қалды. – Мүмкін емес. Болат ара керек. Ол бізде жоқ: ана білектей темірді сындыра алмайсың. Мынау болса тас. – Бронников жалпақ алақанымен суық сұр қабырғаны сипалап қойды.

Темір есіктің көздей тесігінің қақпағы көтеріліп, ар жақтан надзирательдің жалғыз жанары оқтаулы мылтықтай суық қадалды.

Надзирательдің жалғыз көзі сөніп қалғандай тайып кетті де, қақпақ қайта жабылды.

– Иттің иісшілі-ай, – деді Рысқұл. – Дереву сезе қоюын қарашы. Біздің сөзімізді оған жеткізіп тұратын сайтаны бар ма, немене... Осы екеуміз өтірік төбелессек қайтеді, а? Сонда әлгі ит асығып есік ашады. Әй-шайға келтірмей аузын басып, дамбалын басына кигізіп, есіктен-ақ шығып кетпейміз бе?

– Мүмкін емес, – Бронников басын шайқап. – Бұлар ол айланы әлдеқашан есепке алып қойған. Біреу ішке кіргенде, екіншісі сыртта аңдып тұрады.

– Сен білмейсің ғой, мен бір рет бұл түрмеден қашып шыққам, – деді Рысқұл тыртығы көп тақыр басын алақанымен асықпай сипалап. – Мына бас не көрмеген бас. О, сондағы бостандық-ай! Тура бес күн бостандықта болдым. Қашып жүрдім. Үйде бір күн де түнеген жоқпын. Белімді бір шешкен емеспін. Тарғыл тас төсек, қара тас жастық болды. Бірақ соның өзі құс мамықтай еді-ау, қайран!..

– Дәл осы түрмеде ме? Қашан? – деді Бронников таң қалып.

– Дәл осы түрме. Бірақ камера басқа еді. Қыш там болатын. Былтыр жаз өтіп бара жатқан шама ғой.

– Онда неге ұсталып жүрсің?

– Е, Ескендір тамыр, ол көп әңгіме...

– Түрме ішінде екеумізге әңгімеден басқа не ермек бар?

Рысқұл ескі қалпағын басына киеді. Ескі қалпақты кимей тұрып, ұзақ әңгіме бастамайды. Содан соң темір құрсаулы биік терезеге қарайды. Терезеден түк көрінбейді. Бірақ жарық дүниенің елесі бар терезе Рысқұлдың жазулы тұрған кітабы сияқты. Алғашқы рет түрмеге түсуінің жайы қалай еді?

Рысқұл құрсаулы терезеден медет тілегендей ішінен әлденені күбірлеп барып, күмбірлеп сөз бастайды. Петерборлық Александр Бронников түрмеде жатып-ақ қазақ даласының тау-тасын кезіп кетеді...

## II

Ахат ата баланың тамырын бір сәт ұстап, үнсіз қалған. Құныстана жүресінен отырып, басын ірге жаққа бұрып, көзін шарт жұмып алған. Қартайғанда қас та ағарады екен, жалбыраған бурыл қас жұмулы көзін көлегейлеп тұр.

Шағын жер үйдің іші тым-тырыс, ала көлеңке. Тек жалғыз терезенің құрақ көзін бір көк шыбын түрткілеп, шығарға тесік таппай, ызыңдап мазаны алып барады. Жайшылықта еленбес еді, мына сын сәтте көк шыбынның жанталаса ызыңдауы үйдегілерге жайсыз тиді.

Жер кепенің төбесін көтеріп тұрған жалғыз қары – жуан белағаш. Оның да ырсиған жарығы бар. Белағашқа екі бүйірінен бұталмаған шыбықтар салынған. Үйдің ішкі төбесі сыланбаған. Жертөленің ортасына жаққан оттың жалыны мен түтінінен үйдің төбесі әбден жылтырап ысталған. Төбедегі түтін тартар жалғыз қуырдың аузынан сүңгілер салбырайды. Белағашты ұстап тұрған жалғыз тіреуге әр жерінен шеге қағылып, қайыс-жүген, қамшы, орама қыл арқан, бір десте адыраспан ілінген. Рысқұлдың жалаң қабат көне шекпені мен ескі киіз қалпағы да сонда.

Босағада қотыр қабырғаға арқасын сүйеп, жүресінен отырған алпамса кісі мазасыз көк шыбын жаққа атырыла бір қарап қалды. Егер шыбын орнында адам болса мына бір алмас қылыштай жарқ ете қалған қаһарлы көзден зәресі зәр түбіне кетер еді. Бірақ шыбын деген мақұлыққа адамның көзқарасы әсер етпейді: көк шыбын зарлағанын қоймай, жаман әйнекті сабалай берді.

Алпамса тұлға босағадан атып тұрып, басындағы киіз қалпағы мен терезедегі шыбынды салып қалайын деп бір оқталды да, тәуіп атаның көңілін бөлмейін деп қайта сап болды.

Қос тұлымшағын шуда жіппен түйген, кекілі желпілдеген кішкене қыз айран құйған аяққа қолын соза беріп, дүңке инеліктің баулығын сылдыратып алып еді, бағанадан бері бетін қырын беріп, тізесін құшақтап үнсіз отырған әдеміше келіншек әлгіміздің жалаңаш топ-толық балтырынан шымшып алды. Қыз бала не дауыстап жыларын да білмей, не әкесіне арыз ғып айтарын да білмей аузы кемсеңдеген, айранға созған қолы ербиген күйінде тақыр жерде отырды да қалды.

Осы үйдегі жалғыз аласа ағаш төсектің үстінде жатқан ауру бала қарындасы Түйметайдың түрін көріп күліп жібере жаздады. Бірақ күлуге шамасы келмей, қан-сөлсіз, көгерістеу ерні сәл ғана жыбыр етті. Аласа төсектен салбыраған арық қолын қоңқақ мұрын тәуіп шал әлі ұстап отыр. Топ-толық, қарулы бала енді қауқарсыз сүлде-сүйек боп қалған. Қараторы өңі қазір боп-боз. Көзінің айналасына көгеріс көлеңкесі түскен. Бұрын тәмпектеу мұрны енді ерекше сопайып, ебедейсіз көрінеді. Жанарында ұшқын бар екен. Көк көлеңкелі ажал қанша төңіректесе де сол ұшқынды өшіре алмапты. Кәрі тәуіп жұмулы көз бен салбыраған қасының арасынан соны көріп отыр. Кәрі тәуіптің аңғарымпаз көзі баланың шеке тамырының бүлкілінен-ақ бар жағдайды пайымдаған. Ал енді қолын ұстап тамыр басып отырғаны, мына өз аузын аңдыған ата-ананың көңілі үшін, әрі десе емнің түрін айтуға уақыт ұтып, ойланып алмақшы.